

МӘСЕЛЕ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНДЕ ҒАНА ЕМЕС...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің отырысында айтқан «Қасіретті қаңтар» сабағы: Қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі жолдауы жақсылықтың жаршысындай көрінгеніне күмән жоқ. Өйткені астарында талай терең ой жатқан Президенттің сөзі халықтың әділетті жаңа қоғам құрылатынына деген үмітін оята алғаны анық. Мемлекет басшысы біздің еліміздегі қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайға толық сараптама жасады.

Жалпы, білім сапасының деңгейіне тікелей әсер ететін фактор тек оқу үлгерімі ғана емес екені анық. Оған мысал ретінде оқушыларға алаңсыз білім алуға жасалған жағдайдың төмендігін және ұйымдастыру мен тәрбие ісіндегі кемшіліктерді де жатқызуға болады. Мәселен, алдыңғы жылы PaperLab (ПэйперЛаб) қоғамдық қоры аймақтар бойынша білім сапасының деңгейін анықтайтын зерттеу жасаған болатын. Бұл жұмыс жалғыз біздің елде ғана емес, Орта Азия бойынша жүргізілетін көрінеді. «Сапалы білімге қол жеткізу теңсіздігінің индексі» деген атауы бар зерттеу барысында бірнеше бағыт қамтылған. Оның ішінен бізді қызықтырғаны «Оқыту жағдайы» индексі бойынша шығарылған нәтиже болды. Дәл осы бағыт бойынша жағдайдың төмендігі айтылыпты. Ал осы «Оқыту жағдайы» критеріі негізінен үш көрсеткіш бойынша анықталады екен. Оның ішінде үш ауысымда білім беретін мектептер үлесі, апатты жағдайдағы мектептер үлесі және дәретханасы сыртта орналасқан мектептер үлесі сияқты көрсеткіштер бойынша білім ошақтарының жағдайы мәз емес екені айтылады. Және

бұл деректер шындыққа жанаспасады.

Өкінішке қарай, білім саласындағы ұйымдастыру мен тәрбие ісі де ақсап тұр. Оның бір дәлелін осы саладағы жемқорлыққа қатысты анықталған істерден байқауға болады. Ювеналды полиция қызметкерлерінің жұмысы да ақсап тұр. Оған мысал, Алматы облысы аумағындағы Пенжім ауылында балалар арасында орын алған қақтығыс ұлтаралық сипаттағы жанжалға ұласты. Алдын алу жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілмеуде.

Қазақстан экономикасының көптеген салалары жоғары білікті кадрларға аса мұқтаж, бірақ олар тапшы. Мамандардың жетіспеушілігінің себебі адам ресурстарының немесе оқу орындарының жеткіліксіздігі емес. Керісінше, елде жұмыссыздық пен жоғары оқу орындарының көптігі байқалады. Білікті мамандардың жетіспеушілігінің негізгі себебі оқу орындарындағы түлектердің дайындық деңгейінің төмендігі болып табылады.

Егер жоғары оқу орындары "бүгінгі күннің" маманын даярлайтын болса, онда оқу орнын бітірген сәтте оның білімі ескірген болады. Жоғары оқу

орындары бір орында тұрмауы қажет, әйтпесе бұл бәсекеге қабілетсіз мамандарды шығаруға әкелуі мүмкін.

Қазақстанда (19 миллион тұрғынға шаққанда) 130-дан астам жоғары оқу орны бар. Студенттерді тартуға ниет білдіре отырып, көптеген ЖОО-лар білім алушылардың санын көбейтуді, содан кейін ғана берілетін білім сапасын басты орынға қоя отырып, жоғары білімді қолжетімді ете түсті. Бүгінде елімізде заңгерлер дайындайтын 67 университет жұмыс істейді. Осыдан «Бұл жоғары оқу орындарында осыншама сапалы профессорлық-оқытушылық құрам қайдан шықты? Олар дұрыс сабақ бере ме?» деген сұрақтар туындайды. Осыған орай, аталған мамандық иелерін дайындауды ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарының еншісінде қалдырған жөн.

Осындай сұрақтар экономист дайындайтын жоғары оқу орындарында да туындайды. Қазіргі уақытта барлық оқу орындарында экономист мамандығы талапкерлер арасында сұранысқа ие болғанымен, жұмыс берушілер арасында сұраныс мүлдем аз немесе оларға талап өте жоғары.

Сондай-ақ, "қажет салаларға" базалық қаржыландыруды ұлғайту қажет деп санаймын. Бұрыннан келе жатқан проблема жалақының төмендігі болып табылатын ғылым саласындағы мамандарды мысалға алуға болады.

Халық арасында колледждердің мәртебесін көтеру қажет. Колледж тек екінші сұрыптағы тәлімгерлерге арналған деген ел арасында қате ұғым қалыптасқан.

Жұмыс күшіне болжамды қажеттіліктің өзі дұрыс жоспарланбайды. Болжамды қажеттілік Білім және ғылым министрлігімен емес, жергілікті атқарушы органдардың білім және жұмыспен қамту орғанда-

рының ақпаратының негізінде әзірленеді. Олар өз кезегінде мұндай ақпараттарды жұмыс берушілер арасындағы жүргізілген сауалнама нәтижесінде қалыптастырады. Ал жұмыс берушілер бұл сауалнамаға немқұрайлы қарап, кезекті есептен құтылу үшін жалған болжам жасап жолдайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай отырып, келесі ұсыныстарды бөліп көрсетуге болады:

- Үш ауысымды оқыту мәселесін толық шешу;
 - Мектептерді медпунктермен және дәретханалармен толық қамту;
 - Ювеналды полиция қызметін реттеу;
 - Мектеп қабырғасындағы жемқорлықты түбегейлі жою;
 - Жоғары оқу орындарын цифрландыру;
 - "Қажет салаларға" базалық қаржыландыруды ұлғайту;
 - Техникалық мамандықтарды халық арасында дәріптеу;
 - Мектеп оқушылары арасында саналы дайындық жұмыстарын 8-9 сыныптан бастау;
 - Колледж мәртебесін көтеру;
 - Жұмыс күшіне деген болжамды қажеттілікті анықтау алгоритмін реттеу.
- Аталған ұсыныстардың іс жүзінде орындалуы білім беру саласына оң әсерін тигізетіні айдан анық.

Ж.ОРЫНТАЕВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан уни-
верситеті азаматтық құ-
қық және азаматтық іс
жүргізу кафедрасы, заң
ғылымдарының
кандидаты, профессор

П.ЕСЕНБЕКОВА,
кафедраның аға
оқытушысы, PhD
докторы